

«Ақша және психология» тақырыбында тренинг сабағы өтті

«Бизнес және цифрлық технологиялар» институтының 2 курс студенттеріне психология және педагогика магистрі, психотерапевт, гештальт-терапевт, гипнотерапевт Шыбынтаева Гульнафис Жаленовна «Ақша және психология» тақырыбында мазмұнды тренинг сабақ өткізді.

Тренинг барысында ақшаға деген көзқарастың адамның ойлау жүйесімен, ішкі сенімдерімен және эмоционалдық жағдайымен тығыз байланысты екені кеңінен талқыланды. Қаржылық сауаттылық тек табыс табумен шектелмей, ақшаны дұрыс басқару, қаржылық шешім қабылдау және жеке жауапкершілікті қалыптастырумен де тікелей байланысты екені айтылды.

Сонымен қатар, ақша психологиясы адамның өмір сапасына, мотивациясына, өз-өзіне деген сеніміне және болашаққа жоспар құруына әсер ететін маңызды факторлардың бірі екені атап өтілді. Қаржыны басқарудағы дұрыс психологиялық ұстаным – табысты өмірдің және тұрақты болашақтың негізі.

Осындай танымдық кездесулер студенттердің тек кәсіби білімін арттырып қана қоймай, тұлғалық дамуына, өмірлік құндылықтарды дұрыс қалыптастыруына да үлкен ықпал етеді.

